

## Талдықорған қаласы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2013 жылғы 05 маусымдағы N 134 шешімі. Алматы облысының әділет департаментімен 2013 жылы 17 шілдеде N 2415 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 321 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 27.05.2015 № 321 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 422-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Талдықорған қаласы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларын қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Талдықорған қалалық мәслихатының 2009 жылғы 09 қазандағы "Талдықорған қаласы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" N 136 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 2009 жылы 12 қарашада N 2-1-105 нөмірімен тіркелген, "Талдықорған" газетінің 2009 жылғы 20 қарашадағы 47 нөмірінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау қалалық мәслихаттың "Экономика, қаржы мәселелері және бюджет жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс XIX сессияның төрайымы

Ж. Нұрлыбаева

Қалалық мәслихаттың хатшысы

М. Бопазов

КЕЛІСІЛДІ:

"Талдықорған қаласы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің

басшысы  
"Талдықорған қаласының кәсіпкерлік  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
басшысы

Мусаев Мейрам Мирзанұлы

Үсенов Әмірхан Мұқанұлы

Талдықорған қалалық мәслихатының 2013  
жылғы 5 маусымдағы "Талдықорған қаласы  
бойынша бірыңғай тіркелген салық  
ставкаларын белгілеу туралы" N 133  
шешіміне қосымша

## Талдықорған қаласы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері

Рет N	Салық салу объектісінің атауы	Талдықорған қаласы бойынша айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	4
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	5
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	3
4.	Ойын жолы	10
5.	Карт	4
6.	Бильярд үстелі	8